

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Ойл Компани Лимитед компаниясы арасында Атырау облысының аумағында геологиялық барлау жүргізу және өнім бөлісу жөнінде шарт жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 8 сәуір 1993 ж. N 282

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығы Үкіметінің арасында Қазақстанның Батысында көмірсутегі кен орындарына геологиялық барлау жүргізу, игеру мен пайдаланудың принципті қағидалары мен шарттары туралы 1992 жылғы 17 маусымда жасасылған Келісімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Ойл Компани Лимитед компаниясы арасындағы Атырау облысының аумағында геологиялық барлау жүргізу және өнім бөлісу туралы шарттың Атырау облысының әкімімен және мүдделі министрліктермен, ведомстволармен келісілген жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А. Ә. Жабағинге, Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрі Қ. К. Бәйкеновке, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрі Л. М. Трубниковке, Атырау облысының әкімі С. К. Түгелбаевқа және "Қазақстанмұнайгаз" Ұлттық мұнай компаниясының президенті Б. Д. Елемановқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан осы аталған шартқа қол қою тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Жерге орналастыру және жер қатынастары жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптегі жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары осы аталған шарттың шеңберінде Оман Ойл Компани Лимитед компаниясын барлық қажетті лицензиялармен және рұқсаттармен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Атырау облысының әкімімен және "Қазақстанмұнайгаз" Ұлттық мұнай компаниясымен бірлесіп бір ай мерзімде Қазақстан Тарапынан Басқарушы комитетке өкілдер тағайындау туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі Атырау облысының әкімімен бірлесіп, Оман Ойыл Компани Лимитед компаниясы жасайтын төлемдердің бір бөлегін шартқа сәйкес, Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсау жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ